

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттарды сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі N 632 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қазандағы N 1729 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.30 N 1729 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттарды сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

2 6

ш і л д е д е г і

N

6 3 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттар сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесі

1-бөлім. Сатып алудың негізгі ережелері

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттар сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңының 6-бабының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын дәрілік заттарды сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін айқындайды. K090193

2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) тапсырыс берушінің немесе тендерді ұйымдастырушының

аффилиирленген тұлғасы - шешімді анықтауға және (немесе) тапсырыс беруші немесе тендерді ұйымдастырушы қабылдайтын шешімге, оның ішінде шартқа орай ықпал етуге тікелей және (немесе) жанама мүмкіндігі бар тұлға (берілген өкілеттіктер шеңберінде оның қызметін реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда), сондай-ақ өзіне қатысты тапсырыс берушінің немесе тендерді ұйымдастырушының осындай құқығы бар кез келген тұлға;

2) ықтимал өнім берушінің аффилиирленген тұлғасы - шешімді анықтауға және (немесе) тапсырыс беруші немесе тендерді ұйымдастырушы қабылдайтын шешімдерге, оның ішінде шартқа немесе өзге де мәмілеге орай ықпал етуге тікелей және (немесе) жанама құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өзіне қатысты сол ықтимал өнім берушінің осындай құқығы бар кез келген жеке немесе заңды тұлға;

3) тапсырыс беруші - республикалық, жергілікті және денсаулық сақтау бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері және осы Ережеге сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;

4) сатып алу - осы Ережеде белгіленген тәртіппен және тәсілдермен тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттарды тапсырыс берушінің қарамағындағы ақшаның есебінен сатып алуы;

5) біртекті дәрілік заттар - құрамында ұқсас әсер ететін зат бар өзара алмастырушы дәрілік заттар немесе бірдей фармакологиялық әсері бар ұқсас к ұ р а м ;

6) ықтимал өнім беруші - дәрілік заттар сатып алу туралы шарт жасасу мақсатында сатып алу үдерісіне қатысатын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер;

7) тендер - ықтимал өнім берушілер арасындағы ашық бәсекені көздейтін және дәрілік заттарды сатып алу туралы шартының неғұрлым пайдалы шарттарын анықтауға бағытталған сатып алу тәсілі;

8) тендерлік құжаттама - тендерлік өтінімді дайындау үшін ықтимал өнім берушіге табыс етілетін тендерді өткізу талаптары мен тәртібі бар құжат;

9) тендерлік өтінім - тендерлік құжаттамаға сәйкес жасалған ықтимал өнім берушінің тендерлік ұсынысы;

10) тендерлік комиссия - тендерді ұйымдастыру мен өткізу үшін тендерді ұйымдастырушының қызметкерлерінен құрылатын комиссия;

11) тендерді ұйымдастырушы - тапсырыс беруші немесе тендерді ұйымдастыру мен өткізу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тапсырыс беруші белгілеген адам;

12) отандық тауар өндіруші - Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында дәрілік заттарды өндіретін, жергілікті еңбек ресурстарының кемінде 85 пайызын пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға;

13) Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде дәрілік заттарды сатып алу және қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай дистрибьютор (бұдан әрі - Бірыңғай дистрибьютор) - тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде дәрілік заттарды сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді, өнім берушілерді таңдауды және олармен дәрілік заттарды жеткізу шарттарын жасауды, Бірыңғай дистрибьютор мен Тапсырыс беруші арасындағы Дәрілік заттарды сатып алу шарты негізінде тапсырыс берушілерге дәрілік заттарды және сақтау мен жеткізу жөніндегі қызметтерді өткізуді жүзеге асыратын заңды т ұ л ғ а ;

14) Бірыңғай дистрибьютордан сатып алынуға тиіс дәрілік заттардың тізімі - сатып алынатын дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атаулары мен техникалық сипаттамалары бар тапсырыс берушілермен алдын ала келісілген, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жыл сайын әзірлейтін және б е к і т е т і н қ ұ ж а т .

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.31. N 448 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

2-тарау. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттар сатып алудың қағидаттары мен тәсілдері

3. Дәрілік заттар сатып алу мынадай қағидаттар сақтала отырып өткізіледі:

1) дәрілік заттар сатып алу үшін пайдаланылатын бюджет қаражатын оңтайлы және тиімді жұмсау;

2) осы Ережеде көзделген жағдайларды қоспағанда, барлық ықтимал өнім берушілердің сатып алу үдерісіне қатысуына тең мүмкіндік беру;

3) ықтимал өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;

4) сатып алу үдерісінің жариялылығы.

4. Тендерді ұйымдастырушының қызметкерлеріне, сондай-ақ аффилиирленген тұлғаларына осы Ережемен реттелетін сатып алуды жүзеге асыру кезінде ықтимал өнім беруші ретінде қатысуына тыйым салынады.

Ықтимал өнім беруші және оның аффилиирленген тұлғасының бір лотқа қатысуға құқығы жоқ.

5. Тендерді ұйымдастырушының қызметкері, егер ол ықтимал өнім берушінің лауазымды тұлғасының немесе сенімді тұлғасының жақын туысы (ата-аналары, жұбайы (зайыбы), ағалары, апа-қарындастары, балалары) болып табылса не тендер нәтижелеріне өзге де түрде мүдделі болса, сатып алу рәсімдеріне байланысты міндеттерді орындай алмайды.

6. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттарды сатып алу мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:

1) тендер өткізу;

2) сатып алу көлемі айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген

мөлшерінен аспайтын дәрілік заттарды сатып алу;
3) дәрілік заттарды бір көзден сатып алу;
4) Бірыңғай дистрибьютордан Тізім бойынша дәрілік заттарды сатып алу.
Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.31. N 448 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3-тарау. Ықтимал өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары

7. Осы Ереженің 6-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілмен дәрілік заттарды сатып алуға қатысу үшін ықтимал өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс:

1) кәсіптік білікті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының фармацевтика нарығында кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) дәрілік заттарды сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындауға қажетті қаржы, материалдық және еңбек ресурстарының болуы;

3) дәрілік заттарды сатып алу туралы шарт жасасу үшін азаматтық құқық қабілеттілігінің болуы;

4) төлем қабілеті, сатып алуды өткізу сәтінде таратылуға тиіс болмауға, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмауға тиіс.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.31. N 448 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

8. Ықтимал өнім беруші өзінің біліктілік талаптарына сәйкес келетінін растау үшін тендерді ұйымдастырушыға аттестаттардың, куәліктердің, патенттердің, лицензиялардың, сертификаттардың, дипломдардың, анықтамалардың және өзге де құжаттардың көшірмелерін табыс етеді.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен міндетті аудит өткізу белгіленген заңды тұлғалар соңғы қаржы жылы үшін аудиторлық есепті де тапсырады.

9. Тендерді ұйымдастырушының ықтимал өнім берушіге осы Ереженің 7-тармағында көзделмеген біліктілік талаптарын қоюға құқығы жоқ.

4-тарау. Тендерде сатып алынатын дәрілік заттарға қойылатын талаптар

10. Тендерде сатып алынатын дәрілік заттарға қойылатын талаптар:

1) дәрілік заттар Қазақстан Республикасында заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелуі және пайдалануға дайын болуы тиіс;

2) төмен температурада сақтауды және мұздатудан қорғауды талап ететін дәрілік заттар тиеу пунктiнен соңғы тұтынушының пунктiне дейiн сақтауды қамтамасыз ету үшін арнайы сыйымдылықтарда сақталуы және тасымалдануы тиіс ;

3) тұтыну орамы мен дәрілік заттарды қолдану жөніндегі нұсқаулық Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келуі

т и і с ;

4) жалпы жарамдылық мерзімі екі жылдан кем болатын дәрілік заттар үшін жеткізілген сәттегі қалған жарамдылық мерзімі жеткізілген сәттегі жалпы жарамдылық мерзімінің кемінде алпыс пайызын құрауы тиіс. Жарамдылық мерзімі екі жылдан астам дәрілік заттар үшін қалған жарамдылық мерзімі жеткізілген сәтте кемінде он төрт айды құрауы тиіс;

5) дәрілік заттар халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жағдайда ө н д і р і л у і т и і с ;

6) медициналық иммунды-биологиялық препараттарда Қазақстан Республикасында және/немесе ТМД елдерінде кемінде бір жыл қолданылу тәжірибесі туралы деректер болуға тиіс (бұл талап тендерді ұйымдастырушының қалауы бойынша белгіленеді).

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.31. N 448 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

11. Тендерді ұйымдастырушының сатып алынатын дәрілік заттарға осы Ереженің 10-тармағында көзделмеген талаптарды белгілеуге құқығы жоқ.

2-бөлім. Тендер өткізу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру тәртібі

5-тарау. Тендерді ұйымдастыру

12. Тендер өткізу туралы ықтимал өнім берушілер тендерлік өтінімдерді қабылдауды аяқтау күніне дейін жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде хабарландырумен жариялау жолымен хабардар етіледі.

Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың аяқталуы мен тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу үдерісінің басталуы арасындағы уақыттың ұзақтығы екі сағаттан аспауға тиіс.

13. Осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жарияланатын тендер өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) тендерді ұйымдастырушының атауы мен мекен-жайы;
- 2) дәрілік заттардың атауы (халықаралық патенттелмеген атауы бойынша), сатып алу көлемі, сатып алынатын дәрілік заттарды жеткізу орны;
- 3) дәрілік заттарды жеткізудің талап етілетін мерзімдері;
- 4) тендерлік құжаттаманы алудың тәсілдері мен орны, оның құны (егер ақы төлеу көзделген жағдайда банктік шот немесе тендерді ұйымдастырушының к і р і с к о д ы) ;

- 5) тендерлік өтінімдерді беру орны және соңғы мерзімі;
- 6) тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күні, уақыты және орны;
- 7) тендерді ұйымдастырушы айқындайтын өзге де қажетті ақпарат.

14. Тендерді өткізу үшін оны ұйымдастырушы тендерлік комиссия құрады.

15. Тендерлік комиссияны тендерді ұйымдастырушы сатып алынатын дәрілік заттарға қарай әрбір тендерге бөлек құрады.

16. Тендерлік комиссияның құрамына тендерлік комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары және мүшелері кіреді. Тендерлік комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ санды құрауы және кемінде үш адам болуы тиіс. Тендерлік комиссияның хатшысы тендерлік комиссияның мүшесі болып табылмайды және тендерлік комиссия шешімдер қабылдаған кезде оның дауыс беру құқығы б о л м а й д ы .

Тендерлік комиссия тендерді ұйымдастыру мен өткізу жөніндегі тендерлік комиссия құру туралы шешімді тендерді ұйымдастырушы бекіткен сәттен бастап және дәрілік заттарды сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейін әрекет етеді.

Егер тендер өтпеді деп танылған немесе оның қорытындыларының күші жойылған жағдайда, тендерлік комиссия өз қызметін тоқтатады.

17. Тендерлік комиссияның құрамына міндетті түрде тендерді ұйымдастырушының, тапсырыс берушінің бірінші басшылары немесе олардың орынбасарлары енгізіледі, сондай-ақ тендерді ұйымдастырушының және тапсырыс берушінің оқшауланған құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен мамандары енгізілуі мүмкін.

18. Тендерлік комиссияның төрағасы тендерді ұйымдастырушының бірінші басшысының орынбасарынан төмен болмайтын адам болып табылады, ол оның қызметін басқарады, комиссия отырыстарына төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды және оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған кезде оның функциясын орынбасары атқарады.

19. Тендерлік комиссияның хатшысы сатып алуды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты тендерді ұйымдастырушының тиісті бөлімшесінің маманы болып табылады. Тендерлік комиссияның хатшысы ықтимал өнім берушілерге тендерлік құжаттаманы ұсынады, ықтимал өнім берушілерден тендерлік өтінімдер салынған конверттерді қабылдайды, тендерлік комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындайды және отырыс өткізілгеннен кейін оның хаттамаларын ресімдейді, келіп түскен тендерлік өтінімдерді және конверттерді ашу рәсіміне қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім берушілерді тіркеу журналдарын жүргізеді, оларда тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ықтимал өнім берушінің ұсынған уақыты мен күні және ықтимал өнім берушінің уәкілетті өкілінің (тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ұсынған адамның және тендерге қатысушының) тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі. Келіп түскен тендерлік өтінімдерді және конверттерді ашу рәсіміне қатысуға тілек білдірген ықтимал өнім берушілерді тіркеу журналдары тігілуге, беттері нөмірленуге тиіс, соңғы беті тендерді ұйымдастырушының мөрімен куәландырылуға тиіс.

20. Қажет болған кезде тендерді ұйымдастырушы дәрілік заттарды сараптауды жүзеге асыруға клиникалық фармакологтардан және денсаулық сақтау ұйымдарының мамандарынан немесе аккредиттелген ұйымдардың сарапшыларынан сараптау комиссиясын құра алады.

21. Сарапшылар (сараптау комиссиясы, ол құрылған жағдайда) ықтимал өнім берушілер ұсынған дәрілік заттардың тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкестігі жөнінде сараптамалық қорытынды береді және тендерлік комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс беруге құқығы жоқ. Сарапшылардың (сараптау комиссиясының) сараптама қорытындысы тендерге ұсынылған тендерлік өтінімдерді бағалау мен салыстыру және тендер жеңімпазын анықтау кезінде, егер ол тендерлік құжаттамада көзделген талаптар шегінде жасалған жағдайда ғана ескеріледі. Сараптамалық қорытынды жазбаша түрде ресімделеді, оған сарапшылар (сараптау комиссиясының мүшелері) қол қояды және тендерлік комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

22. Тендерлік комиссияның отырысы тендерлік комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде өткізіледі. Тендерлік комиссияның шешімі ашық дауыспен қабылданады және егер ол үшін тендерлік комиссияның қатысушы мүшелері жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда, тендерлік комиссияның төрағасы немесе ол болмаған жағдайда төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданды деп саналады.

Тендерлік комиссияның қандай да бір мүшесі өндірістік немесе басқа себеппен болмаған жағдайда тендерлік комиссия отырысының хаттамасында оның болмау себебі және осы фактіні растайтын құжатқа сілтеме көрсетіледі.

Егер тендерлік комиссия мүшелерінің қажетті саны болмауы себебінен тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу жөніндегі тендерлік комиссияның отырысы белгіленген күн мен уақытта өтпеген жағдайда, тендерлік комиссияның хатшысы тендерге ұсынылған тендерлік өтінімдер салынған конверттердің сақталуын қамтамасыз етеді және жарияланған мерзімнен 24 сағаттан кешіктірмей, конверттерді ашуды жүргізу күні мен уақыты туралы жариялайды. Бұл ретте жаңадан берілген өтінімдер қабылданбайды.

Егер хатшы жариялаған уақытта тендерлік комиссия мүшелерінің қажетті саны болмаған жағдайда, 24 сағат өткеннен кейін тендерді ұйымдастырушы тиісті шешіммен тендерлік комиссияның жоқ мүшелерін ауыстыру бөлігіне осындай ауыстырудың себептерін көрсете отырып, тендерлік комиссияның құрамына өзгерістер енгізеді.

23. Тендерлік комиссия отырысының хаттамасына тендерлік комиссияның барлық қатысушы мүшелері, оның төрағасы, оның орынбасары және хатшысы қол қояды.

6-тарау. Тендерді өткізу (ұйымдастыру)

24. Тендерді ұйымдастырушы ниет білдірген барлық ықтимал өнім берушілердің назарына мынадай шарттарды жеткізеді:

1) тендерлік құжаттаманың және ықтимал өнім беруші өзінің қойылатын осы Ереженің біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін табыс етілуі тиіс басқа қ ұ ж а т т а р т і з б е с і ;

2) техникалық ерекшеліктерді қоса алғанда, сатып алынатын дәрілік заттардың сипаты, олардың қажетті техникалық және сапалық сипаттамалары;

3) сатып алынатын дәрілік заттардың саны (көлемі);

4) дәрілік заттардың жеткізілу орны, талап етілетін мерзімдері және т а л а п т а р ы ;

5) төлем талаптары және дәрілік заттарды сатып алу туралы шарттың жобасы ;

6) оған сәйкес жеңіп шыққан тендерлік өтінімді анықталатын бағадан басқа, өлшемдер, тендерлік өтінімдерді бағалау мен салыстыру әдісінің сипаты;

7) тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің өз құнынан басқа, бағаның тасымалдауға және сақтандыруға, кеден баждарын, салықтар мен алымдарды және басқаларын төлеуге арналған шығыстар сияқты элементтерді қамтуға тиіс екендігіне не тиіс еместігіне нұсқамаларды қоса алғанда, тендерлік өтінімнің бағасын есептеу тәсілі мен әдістемесі;

8) тендерлік өтінімнің бағасы көрсетілуге тиіс валютаны немесе валюталарды және тендерлік өтінімдердің бағасын салыстыру мен бағалау мақсатында бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын бағам;

9) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес тендерлік өтінімді, дәрілік заттарды сатып алу туралы шартты жасау мен табыс етудің тіліне қ о й ы л а т ы н т а л а п т а р ;

10) ықтимал өнім берушінің тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімін көрсету қажеттілігі т у р а л ы а қ п а р а т ;

11) тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізу тәртібі, нысаны, мерзімдері;

12) ықтимал өнім берушінің тендерлік өтінім берудің соңғы мерзімі өткенге дейін тендерлік өтінімді өзгерту немесе кері қайтарып алу мүмкіндігіне нұсқама;

13) тендерлік өтінімдер беру орны және соңғы мерзімі және олардың қ о л д а н ы л у м е р з і м і ;

14) тендерлік құжаттаманың мазмұны бойынша ықтимал өнім берушілер солардың көмегімен түсіндіру сұрата алатын тәсілдері, сондай-ақ тендерді ұйымдастырушының сол кезеңде ықтимал өнім берушілермен ашық нысанда өткізілетін және хаттамаланатын кездесу өткізу ниеті туралы хабар;

15) тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу орны мен күні, уақыты;

16) тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу және тендерлік

өтінімдерді қарау үшін пайдаланылатын рәсімдер;

17) ықтимал өнім берушілер - отандық тауар өндірушілерге басымдық беру талаптары ;

18) дәрілік заттарды сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелер енгізу талаптары, нысаны, көлемі мен қамтамасыз ету тәсілі.

25. Біртекті дәрілік заттарды сатып алу жөнінде тендер өткізу кезінде тендерді ұйымдастырушы мұны тендерлік шарттарда көздей отырып, тендерді лоттар бойынша өткізеді. Бұл ретте тендер жеңімпазы әрбір лот бойынша жеке анықталады.

26. Ықтимал өнім беруші тендерді ұйымдастырушыдан тендерлік құжаттаманы түсіндіруге сұрау салуға құқылы, бірақ ол тендерлік өтінімді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейінгі он күнтізбелік күннен кешіктірілмеуі керек. Тендерді ұйымдастырушы өтінім алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей тендерлік құжаттаманы табыс еткен барлық ықтимал өнім берушіге тиісті түсіндіруді сұрау салудың авторын көрсетпей жіберуге тиіс.

27. Тендерді ұйымдастырушы тендерлік өтінімді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде өз бастамасымен немесе ықтимал өнім берушінің сауалына жауап ретінде хаттама ресімдеу жолымен тендердің шарттарына өзгерістер енгізуге құқылы.

Енгізілген өзгерістердің міндетті күші болады және тендерлік құжаттаманы берген барлық ықтимал өнім берушілерге олар туралы дереу хабарланады. Бұл ретте тендерді ұйымдастырушы ықтимал өнім берушілердің бұл өзгерістерді тендерлік өтінімдерде есепке алуы үшін тендерлік өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімін кемінде он күнтізбелік күн мерзімге ұзартады.

28. Тендерді ұйымдастырушы тендердің шарттарын түсіндіру үшін тендерлік құжаттамада көрсетілген белгілі бір орында және белгілі бір уақытта ықтимал өнім берушілермен кездесу өткізуге құқылы. Көрсетілген кездесуді өткізу кезінде кездесу барысында табыс етілген тендер шарттарын түсіндіру жөніндегі мәселелер мен жауаптарды қамтитын хаттама жасалады, ол кездесу қорытындылары бойынша тендерлік құжаттама табыс етілген барлық ықтимал өнім берушілерге дереу жіберіледі.

29. Тендерді ұйымдастырушы табыс етілген тендерлік құжаттама үшін тендерлік құжаттаманы көшіруге нақты жұмсалған шығындардан аспайтын ақы алуға құқылы (ақы алу туралы тендерді ұйымдастырушы тендерлік құжаттамада алдынан ала көздейді).

Тендерлік құжаттаманы табыс еткені үшін ұйымдастырушылар алатын ақы тендерді ұйымдастырушының оған қызмет көрсететін банктердегі банк шоттарына, бухгалтериясына енгізіледі немесе тендерді ұйымдастырушының тиісті бюджетінің кірістер кодына аударылады.

30. Төлем туралы растау тендерлік құжаттаманы алу кезінде тендерді ұйымдастырушыға беріледі.

31. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне тендерлік құжаттама тегін беріледі.

7-тарау. Тендерлік өтінімдердің қолданылу мерзімі, оны ұстау, табыс ету, өзгерту және кері қайтарып алу

32. Тендерге қатысуға ниет білдірген ықтимал өнім беруші тендерлік өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін тендерлік құжаттамаға сәйкес тендерлік өтінімді мөрленген түрде тендерді ұйымдастырушыға табыс етеді.

33. Тендерлік өтінімдер берудің ең соңғы мерзімі өткеннен кейін алынған тендерлік өтінім ашылмайды және оны ұсынған ықтимал өнім берушіге қайтарылады.

34. Тендерлік өтінім тендерлік құжаттамаға сәйкес онда көрсетілген мерзім і ш і н д е к ү ш і н д е қ а л а д ы .

Тендерге қатысу үшін ықтимал өнім беруші берген тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі кемінде қырық бес күнтізбелік күн болуы тиіс.

Мерзімі тендердің шарттарында көрсетілгеннен неғұрлым қысқа мерзімді тендерлік құжат қабылданбайды.

35. Тендерге қатысуға ниет білдірген заңды тұлға болып табылатын ықтимал өнім берушінің тендерлік өтінімінде мыналар болуы тиіс:

1) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес тендерге қатысуға өтінім;
2) ықтимал өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарының сәйкестігін р а с т а й т ы н қ ұ ж а т т а р :

ықтимал өнім берушінің дәрілік заттарды өндіруге және/немесе көтерме саудада сатуға құқығын растайтын лицензиялардың нотариалды куәландырылған к ө ш і р м е л е р і ;

бірінші басшы немесе оны алмастыратын тұлға, сондай-ақ бас бухгалтер (бухгалтер) қол қойған соңғы қаржы жылындағы бухгалтерлік теңгерімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі. Егер конверттер ағымдағы жылдың 30 сәуіріне дейінгі мерзімде ашылған болса, онда соңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылының бухгалтерлік теңгерімінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылады;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде міндетті түрде аудит жүргізу белгіленген заңды тұлғалардың соңғы қаржы жылындағы аудиторлық есебінің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі. Егер конверттерді ашу ағымдағы жылғы 1 маусымға дейінгі мерзімде жүргізілген жағдайда, онда соңғы қаржы жылының алдындағы қаржы жылғы аудиторлық есептің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі ұсынылады;

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің

нотариалды куәландырылған көшірмесі;

статистикалық карточканың нотариалды куәландырылған көшірмесі (егер ықтимал өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса, онда статистикалық карточканың нотариалды куәландырылған көшірмесі талап етілмейді);

құрылтай құжатынан немесе құрылтайшылардың құрамы туралы жарғыдан немесе нотариалды куәландырылған үзінді көшірме;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің қарсаңында Қазақстан Республикасы бойынша үш айдан асатын салық берешегінің және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқтығы (болуы) туралы бірінші басшының не басшының орынбасарының қолы қойылып, осы салық органының мөрі басылып расталған анықтамасының түпнұсқасы;

конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің қарсаңында ықтимал өнім берушінің банктің (банктердің) алдында үш айдан асатын мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы бірінші басшының немесе тиісті растама болған кезде оны алмастыратын тұлғаның және бас бухгалтердің қолы қойылып, банктің (банктердің) мөрі басылған банктің (банктердің) анықтамасының түпнұсқасы (егер ықтимал өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктердің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, бұл анықтама осындай банктердің әрбірінен ұсынылады);

мамандардың біліктілігі, мамандығы бойынша жұмыс өтілі көрсетілген олардың болуы және саны туралы мәліметтер;

өнімді ұсыну және оны Қазақстан Республикасының аумағында сату құқығына өндірушінің немесе оның Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің (өкілінің) сенімхатының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

егер ықтимал өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда, осы ықтимал өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті емес және салық есебінде жоқ екендігі туралы Қазақстан Республикасының салық органы анықтамасының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес ұсынылған, ілеспе қызметтердің құнын қоса алғанда, берілетін дәрілік заттардың түпкі бағасын құрайтын, ықтимал өнім берушінің барлық нақты шығындары қамтылуы тиіс ықтимал өнім беруші ұсынған баға кестесі;

4) мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері берген дәрілік заттарды

сақтау мен тасымалдау үшін жағдайдың болуын, қажет болған кезде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары берген "суықтық тізбегінің" болуын тексеру актісі;

5) тауарлардың шыққан тегі мен сапа сертификаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе дәрілік заттардың бірінші партиясымен көрсетілген сертификаттардың берілуі туралы кепілхат;

6) техникалық ерекшеліктер;

7) ұсынылатын ілеспе қызметтер;

8) тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасы;

9) тендерлік құжаттамаға сәйкес ұсынылуы үшін қажетті басқа да құжаттар.

36. Дара кәсіпкер болып табылатын ықтимал өнім берушінің тендерлік өтінімінде мыналар қамтылуға тиіс:

1) осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тендерге қатысуға арналған өтінім және жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі;

2) өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар:

ықтимал өнім берушінің дәрілік заттарды көтерме саудада сатуға құқығын растайтын лицензиялардың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

заңды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;

конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің қарсаңында ықтимал өнім берушінің банктің (банктердің) алдында үш айдан асатын мерзімі өткен берешегінің жоқтығы туралы бірінші басшының қолы қойылып, банктің (банктердің) мөрі басылған банктің (банктердің) анықтамасының түпнұсқасы (егер ықтимал өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктердің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, бұл анықтама осындай банктердің әрбірінен ұсынылады);

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің қарсаңында Қазақстан Республикасы бойынша үш айдан асатын салық берешегінің және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешектің жоқтығы (болуы) туралы бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылып, осы салық органының мөрі басылған анықтамасының түпнұсқасы;

мамандардың біліктілігі, мамандықтар бойынша жұмыс өтілі көрсетілген олардың болуы мен саны туралы мәліметтер;

өнімді ұсыну және оны Қазақстан Республикасының аумағында сату

құқығына өндірушінің немесе оның Қазақстан Республикасындағы ресми өкілдігінің (өкілінің) сенімхатының түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3) осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес бағаның кестесінде ұсынылған және берілетін дәрілік заттардың түпкі бағасын құрайтын ықтимал өнім берушінің барлық нақты шығындарын қамтитын ықтимал өнім беруші ұсынған баға;

4) дәрілік заттардың шыққан тегі мен сапа сертификаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелері немесе тауарлардың бірінші партиясымен көрсетілген сертификаттардың берілуі туралы кепілхат;

5) мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері берген дәрілік заттарды сақтау мен тасымалдау үшін жағдайдың болуын қажет болған кезде мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының "суықтық тізбегінің" болуын тексеру актісі;

6) техникалық ерекшеліктер;

7) ұсынылатын ілеспе қызметтер;

8) тендерлік өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасы;

9) тендерлік құжаттамаға сәйкес ұсынылуы үшін қажетті басқа да құжаттар.

37. Ықтимал өнім беруші тендерлік өтінімді табыс етудің мерзімі өткенге дейін өзінің тендерлік өтінімін өзгертуге немесе кері қайтарып алуға құқылы.

Ықтимал өнім берушінің тендерлік өтінімді кері қайтарып алу туралы хабарламасы жазбаша нысанда, бірақ тендерлік өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімінен кешіктірмей тендерді ұйымдастырушыға жіберілуге тиіс.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімдерге өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді.

38. Тендерлік өтінімді ықтимал өнім беруші тігілген түрде, нөмірленген беттерімен ұсынады және соңғы беті мөрмен куәландырылады.

Тендерлік өтінімнің техникалық ерекшелігі (тігілген түрде, нөмірленген беттерімен, соңғы беті заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің қолымен және мөрімен расталған) және кепілді қамтамасыз ету түпнұсқасы тендерлік өтінімге бөлек тіркеледі.

39. Ықтимал өнім беруші түпнұсқадан басқа "Түпнұсқа" және "Көшірме" деп көрсете отырып, тендерлік өтінімнің бір көшірмесін ұсынады. Олардың арасында алшақтық болған жағдайда түпнұсқаға басымдық беріледі.

Тендерлік өтінімнің түпнұсқасы мен көшірмесі мөрленуге немесе өшпейтін сиямен жазылуға және ықтимал өнім беруші қол қоюға тиіс.

Тендерлік өтінімде, ықтимал өнім берушінің грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзетуі қажет болған жағдайларды қоспағанда, жол арасында ешқандай қосу, өшіру немесе қосып жазу болмауға тиіс.

40. Ықтимал өнім беруші тендерлік өтінімнің түпнұсқасы мен әрбір көшірмесін оларға "Түпнұсқа" немесе "Көшірме" деген белгі салып, әртүрлі конверттерге салып мөрлейді. Бұл конверттерде ықтимал өнім берушінің атауы мен заңды мекен-жайы көрсетілуге тиіс. Бұдан кейін конверттер сыртқы конвертке салынып мөрленеді. Ішкі және сыртқы конверттер:

1) тендерлік құжаттамада көрсетілген мекен-жай бойынша тендерді ұйымдастырушыға жіберілуге;

2) " _____ сатып алу жөніндегі тендер" және
(тендердің аты)

("конверттерді ашудың тендерлік құжаттамада көрсетілген күні мен уақыты) дейін ашуға болмайды" деген сөздер жазылуға тиіс.

8-тарау. Тендерлік өтінімді кепілді қамтамасыз ету

41. Ықтимал өнім беруші тендерлік өтінімді табыс ету кезінде тендерлік құжаттамада көзделген тәсіл мен жағдайда оның тендерлік өтінімінде ұсынылған сатып алынатын дәрілік заттардың құнының үш пайызы мөлшерінде бір мезгілде кепілді қамтамасыз етуді енгізеді.

42. Тендерлік өтінімді кепілді қамтамасыз ету:

1) банкте орналастырылатын ақша кепілі;

2) банк кепілдігі түрінде берілуі мүмкін.

Ықтимал өнім беруші тендерлік өтінімді кепілді қамтамасыз етуді ақша кепілі түрінде тендерді ұйымдастырушының тиісті шотына енгізеді.

43. Тендерлік өтінімді кепілді қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімнің әрекет ету мерзімінен көп болмауға тиіс.

44. Тендерді ұйымдастырушы тендерлік өтінімді кепілді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлар болған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде:

1) тендердің жеңімпаз(дар)ын қоспағанда, тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі өткен ;

2) тендерлік өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін ықтимал өнім беруші тендерлік өтінімді кері қайтарып алған;

3) тендерлік құжаттаманың талаптарына жауап бермейтін ретінде тендерлік өтінім қабылданбаған ;

4) басқа ықтимал өнім беруші тендердің жеңімпазы болып танылғанда;

5) тендердің жеңімпазы анықталмай сатып алу рәсімі тоқтатылғанда қайтарып береді.

45. Тендерлік өтінімді кепілді қамтамасыз ету, егер ықтимал өнім беруші:

1) тендерлік өтінімді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді өзгерткен немесе кері қайтарып алған;

2) тендердің жеңімпазы болып анықталған, бірақ дәрілік заттарды сатып алу

туралы шартты уақтылы жасаспаған жағдайда тендерлік өтінімді және оны қамтамасыз етуді ұсынған ықтимал өнім берушіге қайтарылмайды.

46. Шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын ықтимал өнім берушілер, тендерлік өтінімді ұсынған кезде бір мезгілде тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, тәсілмен және шарттарда өздерінің тендерлік өтінімдерінде ұсынылған сатып алынатын дәрілік заттар құнының бір жарым пайызы мөлшерінде тендерлік өтінімді кепілдемелік қамтамасыз етуді енгізеді.

9-тарау. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу

47. Тендерлік өтінімдер салынған конверттер тендерлік құжаттамада көрсетілген уақытта, мерзімде және орында ашылады.

Ықтимал өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде қатысуға құқылы.

48. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан кезде тендерлік комиссияның хатшысы қатысып отырған тұлғаларға тендерге қатысып отырған ықтимал өнім берушілердің атауы мен мекен-жайын, олар ұсынған бағаны, жеткізу шарттары мен төлемді, егер олар құжатпен көрсетілсе, тендерлік өтінімдерді кері қайтарып алуды және өзгертуді, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттардың болуы немесе болмауы туралы ақпаратты хабарлайды және бұл ақпаратты тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу хаттамасына тіркейді.

10-тарау. Тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру

49. Тендерлік өтінімдерді бағалау және салыстыру кезінде:

1) тендерлік комиссия ықтимал өнім берушілерден олардың тендерлік өтінімдеріне байланысты тендерге қатысу үшін қарауды, бағалауды және өтінімдерді салыстыруды жеңілдетуге байланысты түсіндірулер сұратуға құқылы ;

2) тендерлік құжаттаманың талаптарына жауап бермейтін тендерлік өтінімді осы талаптарға сәйкес келтіру үшін сауалдар, ұсыныстар немесе толықтырулар жасауға жол берілмейді.

50. Тендерлік комиссия, егер:

1) ықтимал өнім беруші біліктілік талаптарына сай келмесе;

2) ықтимал өнім беруші тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, көлем мен шарттарда тендерлік өтінімді кепілді қамтамасыз етуді енгізбесе;

3) осы тендерлік өтінім тендерлік құжаттаманың талаптарына және осы Ереженің 39-тармағында белгіленген талаптарға жауап бермесе;

4) тендерге қатысуға жіберілген ықтимал өнім берушілердің тендерлік өтінімінің бағасы осы дәрілік заттарды сатып алу үшін бөлінген сомадан артық б о л с а ;

5) тендерге қатысуға жіберілген ықтимал өнім берушінің тендерлік өтінімінің бағасы демпингті болып табылса, тендерлік өтінімді қабылдамайды.

51. Тендерлік комиссия тендерді тұтас алғанда немесе қандай да бір лоты бойынша өтпеді деп таниды, егер:

1) тендерге қатысуға біліктілік талаптарын қанағаттандыратын кемінде екі ықтимал өнім беруші тендерлік өтінім ұсынса;

2) барлық берілген тендерлік өтінімдер тендерлік құжаттаманың талаптарына жауап бермейтін ретінде қайтарылған болса;

3) тендерге қатысуға өтінімді тек бір ғана ықтимал өнім беруші берген болса, тендерді өтпей қалды деп таниды. Тендерлік өтінім салынған конверт ашылмаған күйінде ықтимал өнім берушіге қайтарылады.

52. Егер тендер тұтас алғанда немесе қандай да бір лоты бойынша өтпеді деп танылса, тендерді ұйымдастырушы қажет болған жағдайда тендерлік шарт мазмұнын өзгертеді және қайтадан тендер өткізеді.

Тұтас алғанда немесе қандай да бір лоты бойынша қайтадан тендер өткізу қажет болған жағдайда тендерді ұйымдастырушы тендерлік өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге дейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей мемлекеттік және орыс тілдерінде республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру жариялайды.

53. Егер тендерде барлық ықтимал өнім берушілердің бағалары сатып алу үшін бөлінген сомадан асып кетсе, тендерді ұйымдастырушы сатып алынатын дәрілік заттардың көлемін азайту туралы шешім қабылдауға және тендерде ұсынылған бағаларды ескере отырып, осы Ережеге сәйкес сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.

54. Тендерлік комиссия тендерге қатысу үшін қабылданған тендерлік өтінімдерге баға береді және оларды салыстырады және тендерлік құжаттамада көрсетілген өлшемдерді ескере отырып, мыналарды қоса алғанда, ең төменгі баға негізінде жеңіп шыққан өтінімді айқындайды:

1) сатып алынатын дәрілік заттардың сапасы;

2) жеткізу мерзімдері;

3) төлем шарттары;

4) ықтимал өнім берушінің біліктілік талаптарға сәйкестігі;

5) білікті персоналдың болуы;

б) дәрілік заттарды сақтау шарттарын қанағаттандыратын үй-жайлардың болуы;

7) ықтимал өнім берушілерді - отандық тауар өндірушілерді қолдау.

55. Тендерлік комиссия жеңімпаз тендерлік өтінімді анықтау кезінде отандық тауар өндірушінің - ықтимал өнім берушінің тендерлік өтінімінің бағасын шартты түрде жиырма пайызға азайтады.

56. Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде тендердің қорытындыларын шығарады.

57. Тендерлік комиссия тендер қорытындылары шығарылған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде қатысқан барлық ықтимал өнім берушілерге тендер нәтижелері туралы хабарлайды.

Хабарламада мынадай ақпараттар болуы тиіс:

- 1) тендерде сатып алынған дәрілік заттардың атауы;
- 2) тендер жеңімпазының атауы мен орналасқан жері;
- 3) дәрілік заттардың бірлік бағасы туралы, сондай-ақ тендер жеңімпазы ұсынған дәрілік заттардың жалпы құны туралы мәліметтер.

11-тарау. Тендер қорытындылары туралы хаттама

58. Тендер арқылы сатып алуды жүзеге асырған кезде тендерлік комиссия тендердің қорытындылары туралы хаттама ресімдейді, онда мынадай ақпарат болуға тиіс:

- 1) сатып алынатын дәрілік заттардың атауы және қысқаша сипаттамасы;
- 2) тендерлік өтінімдерді табыс еткен ықтимал өнім берушілердің атауы мен орналасқан жері;
- 3) тендерлік өтінімдерді табыс еткен ықтимал өнім берушілердің біліктілік деректері;
- 4) әрбір тендерлік өтінімнің бағасы және басқа да негізгі жағдайлары;
- 5) тендерлік өтінімдерді бағалаудың мазмұны және оларды салыстыру;
- 6) тендерлік өтінімдер қабылданбаған жағдайда - оларды қабылдамау негіздері;
- 7) әрбір лот бойынша тендердің жеңімпазының атауы мен орналасқан жері және жеңімпаз анықталған шарттар;
- 8) егер тендер нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса, тендерлік комиссияның мұндай шешім қабылдауға негіздемесі;
- 9) тендерлік құжаттамаға түсіндіруді беру туралы сауалдардың, оларға қайтарылған жауаптардың қорытылған мазмұны, сондай-ақ тендерлік құжаттамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың қорытылған мазмұны;
- 10) дәрілік заттарды сатып алу туралы шартқа қол қойылуға тиіс болған мерзім (тендер жеңімпазы хабарламаны алған сәттен бастап бес күнтізбелік күннен аспайды);
- 11) сарапшыларды тарту туралы ақпарат;
- 12) сатып алу үшін бөлінген сома.

59. Тендерге қатысқан ықтимал өнім берушінің жазбаша талабы бойынша оған тендердің қорытындылары туралы хаттаманың көшірмесі беріледі.

Тендерге қатысқан ықтимал өнім беруші азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен тендердің қорытындыларына шағымдана алады.

3-бөлім. Дәрілік заттарды сатып алу туралы шарт жасасу тәртібі

60. Тендерлік өтінімді жеңімпаз деп тану туралы жазбаша хабарламаны және қол қойылған шартты тендерді ұйымдастырушы осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттарды сатып алу туралы тендердің қорытындысы шыққан күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде ықтимал өнім берушіге жібереді.

Дәрілік заттарды сатып алу туралы шарт, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, оған тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

61. Тендердің жеңімпазы оның тендерлік өтінімін жеңіп шықты деп тану туралы хабарламаны және дәрілік заттарды сатып алу туралы шарттың жобасын алған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде шартқа қол қояды немесе тендерді ұйымдастырушыны келіспеушіліктер туралы немесе шартқа қол қоюдан бас тарту туралы жазбаша хабардар етеді.

62. Егер тендер жеңімпазы деп танылған ықтимал өнім беруші дәрілік заттарды сатып алу туралы шартқа осы Ереженің 61-тармағында белгіленген мерзімдерде қол қоймаса, тендерді ұйымдастырушы жеңімпаздың ұсынысынан кейін ұсынысы Ереженің 54-тармағында белгіленген өлшемдерге сәйкес артықшылығы бойынша екінші болып табылса, тендерге басқа қатысушымен дәрілік заттарды сатып алу туралы шарт жасасуға құқылы, ол тендердің қорытындылары туралы хаттамамен расталады.

63. Дәрілік заттарды сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған сатып алу туралы шартқа (бағасын төмендетуді қоспағанда) өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертуі мүмкін қандай да бір өзгерістер және/немесе жаңа талаптар енгізуге жол берілмейді.

Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған сапа, көлем және басқа да талаптар өзгермейтін жағдайда дәрілік заттарды сатып алу туралы шарттың жобасына немесе қол қойылған сатып алу туралы шартқа бағасын төмендету бөлігінде өзгерістер енгізуге жол беріледі.

Тендерді ұйымдастырушы сатып алу туралы шартқа қол қойғанға дейін шарттың бағасын төмендету мақсатында тендердің жеңімпазы болып табылған ықтимал өнім берушімен келіссөздер жүргізуге құқылы. Ықтимал өнім беруші мұндай төмендетуге келіспеуге құқылы, бұл ретте тендерді ұйымдастырушының дәрілік заттарды сатып алу бойынша тендердің жеңімпазы болып танылған ықтимал өнім берушімен шартқа қол қоюдан жалтару құқығы жоқ.

Егер дәрілік заттарды сатып алу туралы шартты орындау үдерісінде сатып алынатын ұқсас тауарлардың бағалары төмендеу жағына өзгерген жағдайда, осы тармақтың ережелері ескеріле отырып, тендерді ұйымдастырушы мен өнім берушінің екі жақты келісімі бойынша дәрілік заттарды сатып алу туралы шартқа тиісті өзгерістер енгізілуі мүмкін.

12-тарау. Дәрілік заттарды сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу тәртібі

64. Дәрілік заттарды сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету:

- 1) банкте орналастырылатын ақша кепілі;
- 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес берілген банктік кепілдік түрінде белгіленуі мүмкін.

Ықтимал өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ақша кепілі түрінде тендерді ұйымдастырушының тиісті шотына енгізеді.

Дәрілік заттарды сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін тендерді ұйымдастырушы, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шарттың жалпы сомасының үш пайызынан бес пайызына дейінгі мөлшерде белгілейді.

65. Егер тендерлік құжаттамада тендерді ұйымдастырушы атынан, мемлекеттік мекеме шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуді ақша кепілі түрінде көздеген жағдайда, олар тендерді ұйымдастырушының тендерлік құжаттамада көрсетілген тиісті кодына енгізіледі.

66. Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мазмұнын, нысанын және енгізілу талаптарын осы Ережеге сәйкес тендерді ұйымдастырушы анықтайды, тендерлік құжаттамада көрсетіледі және дәрілік заттарды сатып алу туралы шартта айтылады.

67. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді өнім беруші шартқа тараптар қол қойғаннан кейін, егер бұл шартта өзгеше көзделмесе, он жұмыс күні ішінде енгізеді.

4-бөлім. Сатып алуды өзге тәсілдермен жүзеге асыру тәртібі

13-тарау. Сатып алудың көлемі айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспайтын дәрілік заттарды сатып алу

68. Егер біртекті дәрілік заттарды сатып алудың жылдық көлемі құндық мәнде тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспаған жағдайда өнім берушілерден ұсыныстар сұрату пайдаланылады.

69. Сатып алынатын дәрілік заттар осы Ереженің 10-тармағының 1), 2), 3) тармақшаларында белгіленген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

70. Ұсыныстар сұратуды пайдаланып, құқылы айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспайтын дәрілік заттарды сатып алуды қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде дәрілік заттардың біртекті түрлерін сатып алудың жылдық көлемін бөліктерге бөлшектеуге жол берілмейді.

71. Тапсырыс беруші (тендерді ұйымдастырушы) кемінде екі өзара аффилиирлендірілмеген ықтимал өнім беруші арасында жазбаша ұсыныс

сұратады және барлық түскен ұсыныстарды қарайды.

Әрбір ықтимал өнім беруші жазбаша түрде ресімделуі тиіс бір ғана баға ұсынысын береді.

Сатып алуға қатысу үшін ықтимал өнім беруші осы Ережедегі 7-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Дәрілік заттарды сатып алу туралы шартты тапсырыс беруші (тендерді ұйымдастырушы) ең төмен баға тапсырыс берушінің (тендерді ұйымдастырушының) ұсынған талаптарына сәйкес келетін дәрілік заттарды ұсынған ықтимал өнім берушімен жасасады.

14-тарау. Бір көзден сатып алу және оны қолдану шарттары

72. Бір көзден сатып алу - бұл тендерді қолданбай сатып алу тәсілін білдіреді, мынадай жағдайларда ғана жүргізіледі:

1) тендерді жарамсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, тендер екі мәрте өтпеді деп танылғанда;

2) баламалары болмаған кезде дәрілік зат бір өнім берушіде ғана болғанда;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен туындаған төтенше жағдайлар жариялау салдарынан осы дәрілік заттардың тендер өткізу мүмкіндігін жоққа шығаратын жедел қажеттіліктер туындағанда;

4) дәрілік заттардың қалдықтары болмаған кезде тендердің қорытындылары шығарылғанға дейінгі кезеңге күн сайын және (немесе) апта сайын қажеттілікке дәрілік заттарды сатып алуды жүзеге асыру қажет болғанда.

Ескерту. 72-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.03.31. N 448 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

73. Бір көзден сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші (тендерді ұйымдастырушы) ықтимал өнім берушіден:

1) осы ықтимал өнім беруші ұсынып отырған бағаның барлық қажетті негіздемелерін;

2) ықтимал өнім берушінің біліктілік талаптарға сәйкестігін растайтын осы Ереженің 7-тармағында белгіленген құжаттарды сұратады.

74. Бір көзден сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс беруші (тендерді ұйымдастырушы) хаттама жасауға тиіс, онда мынадай ақпараттар:

1) бір көзден сатып алу әдісін қолданудың негіздемесі;

2) сатып алынатын дәрілік заттардың қысқаша сипаттамасы;

3) дәрілік заттарды сатып алу туралы шарт жасалатын ықтимал өнім берушінің атауы мен орналасқан жері және осындай шарттың бағасы қамтылуға тиіс.

14-1-тарау. Дәрілік заттарды Бірыңғай дистрибьютордан сатып алу

Ескерту. 14-1-тараумен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.31. N 448 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

74-1. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган тапсырыс берушілерді дәрілік заттармен уақтылы қамтамасыз ету мақсатында тапсырыс берушілермен алдын ала келіскеннен кейін жыл сайын бірінші қыркүйектен кешіктірмей Бірыңғай дистрибьютордан келесі жылға сатып алынуға тиіс дәрілік заттардың тізімін (бұдан әрі - тізім) бекітеді.

74-2. Тапсырыс берушілер жыл сайын тізім бекітілген күннен бастап жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей Бірыңғай дистрибьюторға келесі жылға арналған алдын ала өтінімді ұсынады, онда мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) дәрілік заттардың атауы (халықаралық патенттелмеген атауларымен);
- 2) өткен жылы пайдаланылған дәрілік заттардың нақты саны;
- 3) дәрілік заттың әрбір атауын сатып алу үшін әрбір денсаулық сақтау ұйымы үшін (жергілікті және республикалық бюджеттерді қоса алғанда) өткен жылы бөлінген бюджет қаражатының мөлшері;
- 4) облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарының мекен-жайлары көрсетілген дәрілік заттарды жеткізу кестесі;
- 5) дәрілік заттың әрбір атауы бойынша келесі жылға арналған қажеттілік е с е п т е м е с і .

74-3. Өнім берушілерден дәрілік заттарды сатып алуды өткізу рәсімдерін Бірыңғай дистрибьютор дәрілік заттарды сатып алудың осы Ереженің 3-тармағында көзделген қағидаттарын, сондай-ақ отандық тауар өндірушілерді қолдау қағидатын сақтай отырып, дербес белгілейді. Бұл ретте ондай дәрілік затты өндіруші не өндірушінің ресми өкілі мәртебесінің болуы әлеуетті өнім берушіні таңдаудың негізгі өлшемі болып табылады.

Бірыңғай дистрибьютор сатып алатын дәрілік заттарға қойылатын талаптар осы Ереженің 4-тарауында көзделген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

Бірыңғай дистрибьютор 2009 жылдың екінші жарты жылдығына дәрілік заттарды сатып алуды қоспағанда, қаржы жылы басталғанға дейін екі айдан кешіктірмей, дәрілік заттарды тапсырыс берушіден дәрілік заттың әрбір атауы бойынша келесі жылға арналған қажеттілік есебінен тоқсан сайынғы қажеттіліктен кем болмайтын көлемде сатып алуды жүргізеді.

74-4. Тапсырыс берушілер жыл сайын, тиісті қаржы жылына арналған бюджет бекітілген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей Бірыңғай дистрибьюторға келесі жылға арналған тізімде көзделген дәрілік заттар бойынша түпкілікті өтінімді ұсынады, онда мыналар қамтылуға тиіс:

- 1) дәрілік заттардың атауы (халықаралық патенттелмеген атауларымен);
- 2) облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарының, мекен жайларын көрсете отырып, дәрілік заттарды жеткізу к е с т е с і ;
- 3) дәрілік заттардың саны, ол алдын ала өтінімде көрсетілген дәрілік заттар

санының 25 %-ынан (жиырма бес пайызынан) аспайтын мөлшерде ұлғайту немесе азайту жағына қарай өзгертілуі мүмкін.

74-5. Тапсырыс берушілер Бірыңғай дистрибьютордан дәрілік заттарды сатып алуды осы Ережеге 5-қосымшаға сәйкес Бірыңғай дистрибьютор мен Тапсырыс беруші арасындағы Дәрілік заттарды сатып алудың үлгі шартына сәйкес жасалған түпкілікті өтінім мен шарттардың негізінде жүзеге асырады.

5-бөлім. Қорытынды ережелер

75. Тендерді ұйымдастырушы дәрілік заттарды сатып алу туралы шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді өнім беруші осы шарт бойынша өз міндеттемелерін шартта көрсетілген мерзімде толық және тиісінше орындағаннан кейін немесе, егер шартта бұл мерзім көрсетілмесе, өнім беруші міндеттемелерін толық орындаған сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде өнім берушіге қайтарады.

76. Егер өнім беруші шарт бойынша өз-міндеттемелерін орындамаса немесе тиісінше орындамаса (тауарларды жеткізіп беру мерзімдерін бұзу, сапасыз тауарлар беру, шарттың басқа да талаптарын бұзу) және/немесе шартта көзделген айыппұл санкцияларын төлемесе, онда тендерді ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шарттың орындалуына өнім беруші енгізген қамтамасыз етуді ұстап қалады.

77. Тендерлік рәсімдерді өткізу кезінде тендерлік комиссия жіберген жолсыздықтар анықталған жағдайда, тендерді ұйымдастырушының басшысы тендерді жарамсыз деп тануға құқылы.

78. Ашылған тендерлік өтінімдер ықтимал өнім берушілерге қайтарылмайды. Банк кепілдігінің түпнұсқасы бұған жатпауы мүмкін, бұл ретте тендерді ұйымдастырушы осы құжаттың тендерді ұйымдастырушы куәландырған ксерокөшірмесін сақтауға тиіс.

79. Өткізілген сатып алу материалдары тендерді ұйымдастырушының тиісті іс номенклатурасында белгіленген тәртіппен сақталады.

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттар сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесіне 1-қосымша

Алдағы болатын тендер туралы хабарландыру нысаны

_____мынадай
(тендерді ұйымдастырушының атауы)
тауарларды (тауарлардың қысқаша сипаттамасы және олардың құны көрсетілмеген саны (көлемі); (тендерді ұйымдастырушы сатып алынатын тауарлардың тізбесі, олардың саны және егжей-тегжейлі ерекшелігі тендерлік

құжаттамада көрсетілген деп сілтеме жасауға құқылы) сатып алу бойынша тендер өткізу туралы хабарлайды.

Тауар жеткізілуі тиіс: (тауарларды жеткізу орны көрсетіледі).

Жеткізудің талап етілетін мерзімі _____

Тендерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің 200_ жылғы "____" _____ N_____ қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттарды сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесінің 7-тармағында көрсетілген біліктілік талаптарына жауап беретін барлық ықтимал өнім берушілер жіберіледі.

Тендерлік құжаттама пакетін ж."____"_____ (тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқанға дейін 24 сағат бұрын уақыты мен күні көрсетіледі) қоса алғандағы мерзімде мына мекен-жай бойынша _____, N_____ бөлме сағат _____ -ден _____ -ге дейін немесе мекен-жайы _____ электрондық почта бойынша ықтимал өнім беруші тендерлік құжаттама төленгені туралы құжатты бергеннен кейін алуға болады.

Тендерлік құжаттама пакетінің құны _____ теңгені құрайды және _____ есепшотқа енгізіледі (тендерді ұйымдастырушының тиісті шоты көрсетіледі) (егер ақы төлеу көзделмесе, осы абзац алынып тасталады) .

Ықтимал өнім берушілер тендерге қатысу үшін конверттерге жапсырылған тендерлік өтінімдерін (тендерді ұйымдастырушының атауы көрсетіледі) мекен-жай бойынша (толық мекен-жайы, бөлменің N көрсетіледі) табыс етеді (ж і б е р е д і) .

Тендерлік өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі (уақыты мен күні көрсетіледі) _____ д е й і н .

Тендерлік өтінімдер салынған конверттер (уақыты мен күні көрсетіледі) мынадай мекен-жай бойынша (толық мекен-жайы, бөлменің N _____ көрсетіледі) а ш ы л а д ы .

Ықтимал өнім берушілер тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу кезінде _____ қ а т ы с а _____ а л а д ы .

Қосымша ақпарат пен анықтаманы (қаланың коды мен телефон нөмірі көрсетіледі) телефон арқылы алуға болады.

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттар сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесіне

2-қосымша

(Кімге) _____

(тендерді ұйымдастырушының атауы)

(Кімнен) _____

(ықтимал өнім берушінің атауы)

Тендерге қатысуға өтінім

(жеке және заңды тұлғалар үшін)

Оның алынғандығы осымен куәландырылатын _____
(тендердің атауы)

_____ тендер өткізу жөніндегі тендерлік құжаттаманы қарай келіп, _____

(ықтимал өнім берушінің атауы)

тендерлік құжаттамаға сәйкес мынадай лоттар бойынша тауарларды беруді жүзеге асыруды ұсынады:

(тауарлардың толық сипаттамасы)

Осы тендерлік өтінім мыналардан тұрады:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____ 8. _____
9. _____
10. _____

Мен (Біз), менің (біздің) тендерлік өтінім(іміз) ұтып шықты деп танылған жағдайда, _____ күн ішінде тауарларды беруді бастауға және осы тендерлік өтінімде көрсетілген барлық тауарларды беруді (біздің) тендерлік өтінім(іміз) ұтып шықты деп тану туралы Сізден хабарлама алған сәттен бастап _____ күн ішінде аяқтауға _____ (жазбаша) міндеттенемін _____ (міз).

Менің (біздің) тендерлік өтінім(іміз) ұтып шықты деп танылған жағдайда, мен (біз) шарттың жалпы сомасының _____ пайызын _____ (жазбаша) құрайтын сомаға сатып алу туралы шартты* орындауды қамтамасыз етуді

енгіземін (міз).

Осы тендерлік өтінім тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашқан күннен бастап _____ күн ішінде қолданылады.
(ж а з б а ш а)

Сатып алу туралы шарт жасасқан сәтке дейін осы тендерлік өтінім оны ұтып шықты деп тану туралы Сіздің хабарламаңызбен бірге біздің арамыздағы міндетті шарт рөлін атқаратын болады.

(Қолы, күні)

(лауазымы, тегі, аты-жөні)

М . О .

атынан

(Ықтимал өнім берушінің атауы)

және тапсыруы бойынша тендерлік өтінімге қол қоюға барлық өкілеттігі бар.

* егер шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу тендерлік құжаттамада көзделген болса көрсетіледі.

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттар сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесіне

3-қосымша

Ықтимал өнім берушінің тендерлік өтінімінің бағалар кестесі
(Ықтимал өнім берушінің атауы, әрбір лотқа жеке толтырылады)

Р / с N	Мазмұны	Тауарлардың атауы
1	2	3
1	Қысқаша сипаттамасы	
2	Шыққан елі	
3	Жасаушы зауыт	
4	Өлшем бірлігі	
5	Бірлік бағасы _____ И Н К О Т Е Р М С _____ 2 0 0 0 (жеткізілетін пункт) шартымен	
6	Саны (көлемі)	
7	Барлық бағасы = 5-жол x 6-жол	
8	Ықтимал өнім берушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кедендік баждарды, ҚҚС-ны және басқа да салықтарды, төлемдерді	

	және алымдарды төлеуге жұмсалатын барлық шығыстарды қоса алғанда _____ ИНКОТЕРМС 2000 (жеткізілетін пункт) шартымен жалпы бағасы _____ Ықтимал өнім беруші басқа да шығыстарды көрсетуге құқылы, оның ішінде : 8 . 1 . 8.2.	
9	Шегерім ұсынылған жағдайда, оның мөлшері	
10	9 . 1 . 9.2.	

Біз тендерлік құжаттамада айтылған Сіздің төлем шарттарыңызбен келісеміз

Төлемнің мынадай балама шарттарын

(егер мұндайлар бар болса, төлемнің балама шарттары санамаланады) немесе басқа шарттарды (санамалау:) _____) ұсынамыз, бұл ретте _____

(ақшалай мәнде жазбаша көрсетіледі)

_____ мөлшерде баға шегерімін береміз.

_____ (Лауазымы, тегі, әкесінің аты)

_____ (Қолы)

М.О.

Ескертпе: ықтимал өнім беруші 8-жолда көрсетілген жалпы бағаның құрамдастарын көрсетпеуі мүмкін, бұл ретте осы жолда көрсетілген бағаны тендерлік комиссия ықтимал өнім берушінің барлық шығындарын ескере отырып, белгіленген ретінде қарайды және қайта қарауға жатпайды.

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттар сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесіне

4-қосымша

Дәрілік заттарды мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарт

_____ ж. " ____ " _____
(_____ орналасқан жері _____)

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын _____
(Тапсырыс берушінің толық атауы)
_____ тұлғасында

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) бір тараптан және _____,
(Өнім беруші - тендер жеңімпазының толық атауы) бұдан әрі Өнім беруші деп
а т а л а т ы н

_____ тұлғасында
(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)
_____ негізінде әрекет ететін
жарғының, ереженің және т.б.)

екінші тараптан, Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттарды сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесі мен _____ қаласында _____ ж. " _____ " _____ N _____ сатып алу жөніндегі (тендердің атауы) тендердің қорытындыларының хаттамасының негізінде дәрілік заттарды сатып алу туралы осы шартты (бұдан әрі - шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді:

1. Тендерді ұйымдастырушы - (тендерді ұйымдастырушының атауы көрсетіледі) (тауарлардың қысқаша сипаттамасы) сатып алу туралы Тапсырыс беруші үшін конкурс жариялады және өнім берушінің сомасы (сомасы санмен және жазумен көрсетіледі) мөлшерінде (бұдан әрі - шарттың жалпы сомасы) осы тауарларды жеткізуге өнім берушінің тендерлік өтінімін қабылдады.

2. Осы шартта төменде санамаланған ұғымдардың мынадай түсіндірулері
б о л а д ы :

1) шарт - жазбаша нысанда бекітілген, барлық қосымшалары мен толықтыруларына тараптар қол қойған, сондай-ақ шартта сілтемелері бар барлық құжаттарымен Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттар сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу ережесіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған азаматтық-құқықтық шарт;

2) шарттың бағасы тапсырыс берушінің өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін шарт шеңберінде төлеуге тиіс бағаны
б і л д і р е д і ;

3) тауарлар - өнім беруші шарт шеңберінде тапсырыс берушіге жеткізетін тауарлар мен ілеспе қызметтер;

4) ілеспе қызметтер - осы шартта көзделген, тауарларды жеткізуді қамтамасыз ететін, мысалы, тасымалдау мен сақтандыруды және кез келген басқа қосалқы қызметтерді, мысалы, құрастыру, іске қосу, техникалық көмек көрсету, оқыту және басқа да осы тектес өнім берушінің міндеттерін қамтитын қ ы з м е т т е р ;

5) тапсырыс беруші - мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар және акцияларының бақылау пакеті мемлекетке

тиесілі акционерлік қоғамдар, сондай-ақ олармен аффилиирленген заңды т ұ л ғ а л а р ;

б) өнім беруші - тапсырыс берушімен дәрілік заттарды сатып алу туралы жасасқан шартта шарт жасасушы агент ретінде әрекет ететін және шарт талаптарында көрсетілген тауарларды жеткізуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды т ұ л ғ а .

3. Төменде санамаланатын құжаттар мен онда айтылған шарттар осы шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- 1) о с ы ш а р т ;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізбесі;
- 3) техникалық ерекшелік;
- 4) шартты орындауды қамтамасыз ету (*бұл тармақша, егер тендерлік құжаттамада шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізу көзделсе, көрсетіледі*).

4. Өнім беруші сату мен жеткізуге, ал тапсырыс беруші тауарды саны мен сапасы осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, өнім берушінің тендерлік өтінімі мен тапсырыс берушінің (тендерді ұйымдастырушының) тендерлік құжаттамасына сәйкес қабылдап алуға және төлеуге міндеттенеді.

5. Төлем нысаны _____
(*аудару, қолма қол есеп айырысу, аккредитив және т.б.*)

6. Төлемдердің мерзімі _____
(*мысалы: тауарды бағдарланған пунктте қабылдағаннан*

_____ кейін, немесе алдын ала төлем, немесе т.б. %)

7. Төлемнің алдындағы қажетті құжаттар: _____
(*шот-фактура немесе*

_____ *қабылдау-тапсыру актісі, немесе т.с.с.*)

8. Осы шарттың шеңберінде жеткізілетін тауарлар, техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сай немесе олардан жоғары болуы тиіс.

9. Өнім беруші тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз, тапсырыс берушінің өзі осы шартты орындауға тартылған персоналдан басқа, кімге де болса шарттың қандай да бір ережелерін, сондай-ақ техникалық құжаттаманың, жоспарлардың, сызбалардың, нобайлар мен үлгілердің және тапсырыс беруші немесе оның атынан өзге тұлғалар ұсынған ақпараттың мазмұнын ашпауға тиіс. Көрсетілген аппарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті мөлшерде ғана ұсынылады.

10. Өнім беруші тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда санамаланған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты, шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа, пайдаланбауға тиіс.

11. Техникалық ерекшелікте көзделсе, тапсырыс беруші немесе оның өкілдері тауарларға олардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін растайтын, техникалық бақылау және/немесе сынақтар өткізе алады. Бұл сынақтардың барлық шығыстарын өнім беруші көтереді. Техникалық ерекшелікте тапсырыс берушіге тексеру мен сынақтың қандай түрлері қажет екені, сондай-ақ олардың қай жерде өткізілетіні көрсетіледі. Тапсырыс беруші осы мақсатқа арналған өзінің өкілдері туралы өнім берушіні жазбаша түрде және уақтылы хабардар етуі тиіс.

12. Техникалық бақылау мен сынақтар өнім берушінің немесе қосалқы мердігер(лер)дің аумағында, тауарларды жеткізу орнында және/немесе түпкі пунктінде өткізілуі мүмкін. Егер олар өнім берушінің немесе қосалқы мердігер(лер)дің аумағында өткізілсе, тапсырыс берушінің жағынан қандай да бір қосымша шығындарсыз, тапсырыс берушінің инспекторларына, сызбалар мен өндірістік ақпараттарды қолдану мүмкіндігін қоса алғанда, барлық қажетті қаражат беріледі және жәрдем көрсетіледі.

13. Егер техникалық бақылау мен сынақтардан өткен тауарлар техникалық ерекшелікке жауап бермесе, тапсырыс беруші олардан бас тарта алады және өнім беруші жарамсыз тауарды ауыстырады не тапсырыс беруші жағынан қандай да бір қосымша шығындарсыз, техникалық ерекшеліктің талаптарына сәйкес қажетті өзгерістер енгізеді.

14. Жоғарыда аталған тармақтардың ешқайсысы өнім берушіні осы шарт бойынша кепілдіктерден немесе басқа міндеттемелерден босатпайды.

15. Өнім беруші тауарларды, оларды тендерлік құжаттамаға 1-қосымшада көрсетілген түпкі пунктке тасымалдау кезінде зақымдалудан немесе бұзылудан қорғайтын буып-түюін қамтамасыз етуі тиіс. Буып-түю тасымалдау кезіндегі, сондай-ақ ашық сақталғанда интенсивтік көтергіш-тасымалдық өңдеу мен экстремалдық температуралардың, пайда болған тұздар мен жауын-шашын әсерлеріне ешқандай шектеусіз шыдамды болуы тиіс. Буып-түйілген жәшіктердің габариттері мен олардың салмағын анықтаған кезде жеткізудің түпкі пунктінің алыстығы мен тауарлардың алып жүрудің барлық пункттерінде қуатты жүк көтергіш құралдардың болуы ескерілуі қажет.

16. Жәшіктердің буып-түйілуі мен таңбалануы, сондай-ақ ішіндегі және сыртындағы құжаттама тапсырыс беруші белгілеген арнайы талаптарға қатаң сәйкес болуы тиіс.

17. Өнім беруші тауарларды жеткізуді сатып алынатын тауарлардың тізбесінде (1-қосымша) аталған тапсырыс берушінің шарттарына сәйкес төмендегідей жүзеге асырады:

а) шетелден жеткізілетін тауарлар үшін:

Өнім беруші тауарды жөнелткеннен кейін тапсырыс беруші мен сақтандыру компаниясын телекс немесе факс арқылы шарттың нөмірін, тауарлардың

сипаттамасын, санын, кемені, коносамент нөмірі мен оның күнін, портты және жөнелту күнін, жүкті түсіру портын және т.б. қоса алғанда, тасымалдаудың барлық егжей-тегжейі туралы хабардар етуі тиіс. Өнім беруші тапсырыс берушіге мынадай құжаттаманы жіберуі тиіс:

- 1) тауарлардың сипаттамасы, саны, тауардың бірлік бағасы мен жалпы сомасы көрсетілген өнім берушінің шот-фактурасының көшірмесі;
- 2) тасымалдау құжаттамасының түпнұсқасы мен 3 көшірмесі;
- 3) әрбір буып-түюдің мазмұны көрсетілген буып-түю парағының көшірмесі;
- 4) сақтандыру сертификатын;
- 5) даярлаушының немесе өнім берушінің кепілдік сертификаты;
- 6) уәкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау өткізілгені туралы куәлік, сондай-ақ өнім берушінің зауытында (егер мұндай болса) техникалық бақылау өткізілгені туралы есеп;
- 7) тауардың шығарылуы туралы сертификат.

Жоғарыда аталған құжаттарды тапсырыс беруші тауарлардың портқа немесе жеткізу пунктіне келгенге дейін ең болмағанда бір апта бұрын алуы тиіс және оларды алмаған жағдайда өнім беруші бұған байланысты барлық шығыстарға жауапты болады.

б) жергілікті тауарлар үшін:

- 1) тауарлардың сипаттамасы, саны көрсетілген, тауарлардың бірлік бағасы мен жалпы сомасы бар өнім берушінің шот-фактурасының көшірмесі;
- 2) тасымалдау құжаттамасы, теміржол түбіртегі немесе автокөліктік жүк түбіртегі;
- 3) дайындаушының немесе өнім берушінің кепілдік сертификаты;
- 4) уәкілетті инспекциялық қызмет берген техникалық бақылау өткізілгені туралы куәлік, сондай-ақ өнім берушінің зауытында (егер мұндай болса) техникалық бақылау өткізілгені туралы есеп;
- 5) тауардың шығарылуы туралы сертификат.

18. Шартқа сәйкес жеткізілетін тауарлар, олардың жасалуына, сатып алынуына, тасымалдануына, сақталуына және жеткізілуіне байланысты теңгеде (немесе еркін айырбасталатын валютада) толық сақтандырылуы (қажетті сақтандыру түрі көрсетіледі) тиіс. Сақтандыру полисінде тапсырыс беруші өнім берушімен бірге сақтандыру компаниясынан өтемақы алатын тарап ретінде аталуы тиіс.

19. Әскери іс-қимылдар мен ереуілдерге байланысты қауіп-қатерлерді қоса алғанда, "барлық қатерлерден" сақтандыру кезінде сақтандыру "қоймадан қоймаға дейінгі" шарт сомасының 110%-ы мөлшерінде болуы тиіс.

20. Өнім беруші тауарларды тендерлік құжаттамаға 1-қосымшада көрсетілген бағыт пунктіне дейін жеткізуі тиіс. Бұл тауарларды бағыт пунктіне дейін

тасымалдауды өнім беруші жүзеге асырады және төлейді, ал бұған байланысты шығыстар шарттың бағасына кіргізіледі.

21. Тендерлік құжаттамада көрсетілген қызметтерді өнім беруші осы шарттың шеңберінде орындауы тиіс.

22. Қосалқы қызметтердің бағалары шарттың бағасына кіргізілуі тиіс.

23. Тапсырыс беруші өнім берушіден өнім беруші дайындайтын немесе сататын қосалқы бөлшектер туралы мынадай ақпарат, атап айтқанда, тапсырыс беруші өнім берушіден сатып алу үшін таңдап алатын және кепілдік мерзімі асқаннан кейін қолданатын қосалқы бөлшектердің құны мен номенклатурасын т а л а п е т е а л а д ы .

24. Өнім беруші өзінің қосалқы бөлшектерді өндіруін тоқтатқан жағдайда:

а) тапсырыс берушіге қажетті мөлшерлерде қажетті сатып алуды жүргізуге мүмкіндік беру үшін оны алдағы өндірістің жабылуы туралы алдын ала ескертуге ;

б) қажет болған жағдайда, өндіріс тоқтатылысымен тапсырыс берушіге жоспарларды, сызбаларды және қосалқы бөлшектердің техникалық құжаттамасын тегін беруге тиіс.

25. Өнім беруші, егер шартта өзгеше көзделмесе, шарт шеңберінде жеткізілген тауарлардың жаңа болуына, пайдаланылмағандығына, жаңа үлгідегі немесе конструкциялар мен материалдардың барлық соңғы модификацияларын көрсететін сериялық үлгілері екендігіне кепілдік береді. Өнім беруші бұдан әрі осы шарт бойынша жеткізілген тауарлар конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты, жеткізілген тауарлар тапсырыс берушінің елі үшін әдеттегі жағдайларда қалыпты пайдаланған кезде ақаулары болмайтынына кепілдік береді. Тапсырыс беруші ұсынған техникалық ерекшелікке қатаң сәйкес өнім беруші дайындаған конструкцияларда, материалдарда ақаулар пайда болған жағдайда, өнім беруші оның (тапсырыс берушінің) техникалық ерекшелікте жіберген қателіктері үшін жауапты болмайды.

26. Бұл кепілдік тауарлардың барлық партиясы немесе нақты жағдайға байланысты оның бөлігі жеткізілгеннен және оларды шартта көрсетілген соңғы бағытының пунктінде қабылдап алғаннан кейін _____

_____ күн ішінде күшінде болады.
(талап етілетін кепілдік мерзімі көрсетіледі)

27. Тапсырыс беруші осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтары туралы өнім берушіні жедел түрде жазбаша ескертуге тиіс.

28. Өнім беруші осындай ескерту алғаннан кейін жарамсыз тауарларға немесе оның бөлшектеріне тапсырыс беруші жағынан қандай да бір шығыстарсыз неғұрлым жедел жөндеу жүргізуге немесе ауыстыруға тиіс.

29. Егер өнім беруші ескертуді алып, тапсырыс беруші талап еткен

мерзімдерде ақау(лар)ды түзетпесе, тапсырыс беруші басқа да шарт бойынша тапсырыс берушінің өнім берушіге қатысты иелене алатын құқықтарына қандай да бір зиянын тигізбей, өнім берушінің есебінен ақауларды түзету жөнінде қажетті санкциялар мен шаралар қолдана алады.

30. Өнім берушіге жеткізілген тауарлар үшін төлем осы шарттың 5 және 6-тармақтарында көрсетілген нысанда және мерзімдерде жүргізіледі.

31. Тапсырыс берушінің шартта көрсеткен бағалары өнім берушінің тендерлік өтінімінде көрсетілген бағаларына сәйкес келуі тиіс.

32. Шарттың құжаттарына, екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, ешқандай ауытқулар немесе өзгерістер (сызбалар, жобалар немесе техникалық ерекшеліктер, жөнелту, буып-түю әдісі, жеткізу орны немесе өнім беруші ұсынатын қызметтер және т.б.) енгізуге болмайды.

33. Егер кез келген өзгеріс құнның немесе шарт бойынша тауарлардың қандай да бір бөлшегін жеткізу үшін өнім берушіге қажетті мерзімдердің төмендеуіне әкелетін болса, онда шарттың бағасы немесе жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Осы баптың шеңберінде түзетулер жүргізуге өнім берушінің барлық сұраулары тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өнім беруші өкім алғаннан кейін 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

34. Өнім беруші осы шарт бойынша тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз өзінің міндеттерін толықтай да, бөлшектеп те біреуге тапсырмауға тиіс.

35. Өнім беруші тапсырыс берушіге, егер бұл тендерлік өтінімнің құжаттарында айтылса, осы шарт шеңберінде жасасқан барлық қосалқы мердігерлік шарттардың көшірмелерін ұсынуы тиіс. Қосалқы мердігерлердің болуы өнім берушіні шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды.

36. Тауарларды жеткізу мен қызметтер көрсетуді өнім беруші бағалар кестесінде көрсетілген кестеге сәйкес жүзеге асыру тиіс.

37. Өнім беруші тарабынан жеткізуді кешіктіру оған жүктелетін мынадай санкцияларға әкелуі мүмкін: шартты орындауды қамтамасыз етуді ұстап қалу арқылы шартты жою немесе айып төлету.

38. Егер шартты орындау кезінде өнім беруші немесе оның мердігер(лер)і кез келген уақытта тауарларды уақтылы жеткізуге және қызметтерді көрсетуге кедергі болатын жағдайлармен кездесе, өнім беруші бөгет болған факт, оның болжамды ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы тапсырыс берушіге дереу жазбаша ескерту жіберуі тиіс. Тапсырыс беруші өнім берушіден ескерту алғаннан кейін жағдайға баға беруі тиіс және өзінің қалауы бойынша өнім берушінің шартты орындау мерзімін ұзарта алады; бұл жағдайда мұндай

ұзартуды шарт мәтініне түзетулер енгізу жолымен тараптар ратификациялауы
т и і с .

39. Форс-мажор жағдайларын қоспағанда, егер өнім беруші шартта көзделген мерзімдерде тауарларды жеткізе немесе қызметтерді көрсете алмаса, тапсырыс беруші шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына зиянын тигізбей, айып төлемі түрінде шарттың бағасынан

(шарттың жалпы сомасының %-ы немесе кешіктірудің әрбір күні үшін соманы кемітеді.

белгілі сома көрсетіледі)

40. Шарт талаптарының бұзылғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға зиян келтірмей, тапсырыс беруші, өнім берушіге міндеттерін орындамағаны туралы жазбаша ескерту жіберіп, осы шартты толық немесе бөлшектеп бұза ал а д ы :

а) егер өнім беруші тауардың бөлігін немесе барлығын шартта көзделген мерзім(дер)де немесе тапсырыс беруші ұсынған бұл шартты ұзарту мерзімі ішінде жеткізе алмаса ;

б) егер өнім беруші шарт бойынша өзінің қандай да бір басқа міндеттерін орындай алмаса .

41. Егер шартты орындауға форс-мажор жағдайлары кедергі болып табылса, өнім беруші өзінің шартты орындауын қамтамасыз етуінен айрылмайды және айып төлеміне немесе шарттың бұзылуына жауапты болмайды.

42. Осы шарттың мақсаттары үшін "форс-мажор" өнім беруші тарабының бақылауына көнбейтін, өнім берушінің жаңылысуына немесе ұқыпсыздығына байланысты емес, күтпеген тұтқиыл сипаты бар оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды: әскери іс-қимылдарды, табиғи немесе дүлей апаттарды, індет, карантин мен тауарды жеткізуге эмбаргоны қамтуы, бірақ бұл әрекеттермен шектелмеуі мүмкін.

43. Форс-мажор жағдайлары туындаған кезде өнім беруші тапсырыс берушіге мұндай жағдайлар мен оның себептері туралы дереу жазбаша ескерту жіберуі тиіс. Егер тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар түспесе, өнім беруші шарт бойынша өзінің міндеттерін неғұрлым мақсатқа сай атқара береді және шартты орындау үшін форс-мажор жағдайларына тәуелсіз балама тәсілдерді іздестіреді .

44. Егер өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, өнім берушіге қажетті жазбаша ескерту жібере отырып, тапсырыс беруші кез келген уақытта шартты бұзуға құқылы. Бұл жағдайда шарттың бұзылуы дереу жүзеге асырылады және егер шарттың бұзылуы тапсырыс берушіге зиян келтірмеген немесе іс-әрекет жүргізуге немесе тапсырыс берушіге тағылған немесе тағылатын

санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаған жағдайда тапсырыс берушінің өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттері б о л м а й д ы .

45. Шарттың одан әрі орындалуы мақсатқа сай келмейтіндіктен, тапсырыс беруші өнім берушіге тиісті жазбаша ескерту жіберіп, кез келген уақытта оны бұза алады. Ескертуде шартты бұзудың себебі көрсетілуі, шарттық міндеттемелердің жойылған көлемі, сондай-ақ шартты бұзудың күшіне енетін кү н і а й т ы л у ы т и і с .

46. Шарт осындай жағдайларға байланысты күшін жойған кезде, өнім беруші шарттың бұзылу себептеріне байланысты күші жойылған күнге, нақты шығындарға ғана төлем талап етуге құқылы.

47. Тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша немесе оған байланысты барлық өзара келіспеушіліктер мен дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге бар күштерін салуға тиіс.

48. Егер тапсырыс беруші мен өнім беруші шарт бойынша таласты мұндай тікелей келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде шеше алмаса, тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап етуге құқылы.

49. Шарт мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалады. Шарттың екінші тарабы шетелдік ұйым болған жағдайда, оның екінші данасы Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес сол тілге аударылуы мүмкін. Шартты төрелік сотта қарау қажет болған жағдайда, шарттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі даналары қаралады. Тараптар алмасатын шартқа қатысты барлық хат жазысу мен басқа да құжаттамалар осы шарттарға сәйкес к е л у г е т и і с .

50. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалуы тиіс.

51. Шарт бойынша бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі, оған ілесе түпнұсқасы ж і б е р і л е д і .

52. Ескерту жеткізілген уақыттан немесе онда көрсетілген күшіне енетін күнінен (*егер хабарламада көрсетілсе*), олардың қай күні кешірек болғанына байланысты, сол күннен бастап күшіне енеді.

53. Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге тиіс.

54. Өнім беруші шартты орындауды қамтамасыз етуді тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және жағдайларда енгізуге тиіс.

55. Осы шартта тапсырыс беруші мен өнім беруші белгіленген тәртіппен келіскен өзге де айыппұл санкциялары не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де шарттар көзделуі мүмкін.

56. Осы шарт тапсырысшы оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында (мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін) тіркегеннен кейін және өнім беруші шартты орындауды қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

57. Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері:

Аумақтық қазынашылық органдарында тіркелген күні (мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін) :

Осы дәрілік заттарды сатып алу туралы үлгі шарт тапсырыс берушінің дәрілік заттарды сатып алуды жүзеге асыру үдерісінде тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді. Тапсырыс беруші осы шартты пайдалана отырып, тендер қорытындыларының хаттамасы негізінде өзінің дәрілік заттарды сатып алу туралы шартының жобасын әзірлеуге міндетті. Бұл жағдайда осы шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына, тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамасына, өнім берушінің тендерлік өтініміне және тендер қорытындыларының хаттамасына сәйкес болуы тиіс. Осы шартта курсивпен белгіленген түсіндірулерді тапсырыс беруші толықтыруға тиіс.

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттарды сатып алуды ұйымдастыру және өткізу ережесіне 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.31. N 448 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Бірыңғай дистрибьютор мен Тапсырыс беруші арасындағы Дәрілік заттарды сатып алудың үлгі шарты

_____ жылғы " ____ " _____
(О р н а л а с қ а н _____ ж е р і)

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын _____
(Тапсырыс берушінің толық атауы)
атынан _____ негізінде
(Жарғы, Ереже және т.б.)

әрекет ететін _____
(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты) бір тараптан және
бұдан әрі Бірыңғай дистрибьютор деп аталатын _____
_____ атынан
(өнім берушінің толық атауы)

әрекет ететін _____

(уәкілетті тұлғаның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты)

екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, мына төмендегі туралы осы Шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

Тараптар осы Шартты жасасуға және орындауға барлық өкілеттілігі бар екенін, үшінші тұлғалардың талаптарымен ауыртпалық салынбағанын және үшінші тұлғалар тарапынан келешекте талаптар туындаған жағдайда оларды өз бетінше реттейтінін мәлімдейді және кепілдік береді.

1-тарау. Шартта қолданылатын терминдер

1.1. Осы Шартта төменде атап көрсетілген ұғымдардың мынадай мағынасы болады:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Бірыңғай дистрибьютор арасында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, жазбаша нысанды сақтай отырып жасалған, Шартта сілтеме жасалған барлық қосымшаларға және оған толықтыруларға, сондай-ақ барлық құжаттамаға Тараптар қол қойған азаматтық - құқықтық акт;

2) Шарттың сомасы - Шарт талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші Бірыңғай дистрибьюторға төлеуі тиіс сома;

3) тауарлар - Шарт талаптарына сәйкес Бірыңғай дистрибьютор Тапсырыс берушіге жеткізуі тиіс дәрілік заттар және ілеспе қызметтер (сақтау, тасымалдау және басқа осы тәрізді қызметтер);

4) Тапсырыс беруші - осы Ережеге сәйкес сатып алуды жүзеге асыратын республикалық және аудандық бюджеттік денсаулық сақтау бағдарламаларының әкімшілері және денсаулық сақтау ұйымдары;

5) Тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде дәрілік заттарды сатып алу және қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай дистрибьютор (бұдан әрі - Бірыңғай дистрибьютор) - тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде дәрілік заттарды сатып алуды ұйымдастыруды және өткізуді, өнім берушілерді таңдауды және олармен дәрілік заттарды жеткізу шарттарын жасасуды, Бірыңғай дистрибьютор мен Тапсырыс беруші арасындағы Дәрілік заттарды сатып алу шарты негізінде тапсырыс берушілерге дәрілік заттарды және сақтау мен жеткізу жөніндегі қызметтерді өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

2-тарау. Шарттың мәні

2.1. Төменде атап көрсетілген құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып есептеледі, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын тауарлардың ерекшеліктері (Шартқа 1-қосымша);

3) жеткізу кестесі (Шартқа 2-қосымша);

4) техникалық ерекшелік.

2.2. Бірыңғай дистрибьютор тауарды Шарт талаптарына сәйкес жеткізуге, ал Тапсырыс беруші оны қабылдауға және Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге міндеттенеді.

3-тарау. Тараптардың міндеттері

3.1. Бірыңғай дистрибьютор міндетті:

3.1.1. тауарды Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес көлемде және сапада әрі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын сатып алынатын тауарлардың ерекшелігінде (Шартқа 1-қосымша) көзделген бағалар бойынша жеткізуге.

3.1.2. тауарды Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын жеткізу кестесіне (Шартқа 2-қосымша) сәйкес жеткізуге. Кестеде әрбір атаудың жеткізу мерзімі және мөлшері көрсетілген.

3.1.3. Тапсырыс берушіге тауардың шығу тегі мен сапасын растайтын құжаттардың нотариалды расталған көшірмелерін тауар партиясымен қоса ұсынуға.

3.2. Бірыңғай дистрибьютор Тапсырыс берушімен келісім бойынша тауарды мерзімінен бұрын жеткізуді жүзеге асыруға құқылы.

3.3. Тапсырыс беруші міндетті:

3.3.1. Тапсырыс берушінің өтініміне сәйкес көлемде және сапада жеткізілген тауарды қабылдап алуға.

3.3.2. Жеткізу кестесіне сәйкес жеткізілген тауарды қабылдап алуды жүргізуге.

3.3.3. Осы Шарттың талаптарына сәйкес тауарға ақы төлеуге.

3.3.4. Бірыңғай дистрибьюторға алынған тауардың сапасына байланысты барлық талаптар туралы жазбаша түрде жедел хабарлауға.

4-тарау. Шарттың сомасы мен оған ақы төлеу

4.1. Шарттың сомасы _____ (_____) теңгені құрайды.

4.2. Тауарға ақы төлеу осы Шарт бойынша мынадай түрде жүргізіледі:

1) Шартқа қол қойылған күннен бастап 10 банктік күн ішінде Тапсырыс беруші Шарт құнының 50 %-ынан (елу пайызынан) аспайтын мөлшерде алдын ала ақы төлеуді жүргізеді.

2) одан әрі ақы төлеу 10 банктік күн ішінде жеткізу фактісі бойынша Бірыңғай дистрибьютор берген шот-фактура негізінде жүргізіледі.

4.3. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді тиісті салық төлеуші Тарап Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлеуі тиіс.

4.4. Осы Шарт бойынша сома сатып алу үшін бөлінген сомамен бірдей болмауы немесе одан артық болмауы тиіс.

5-тарау. Тауарды жеткізу және қабылдау шарттары

5.1. Тауарды жеткізу оны соңғы белгіленген пунктке тасымалдау кезінде зақымдануын немесе бүлінуін болдырмауға қабілетті қаптамамен жүзеге асырылады. Қаптама тасымалдау кезінде ешбір шектеусіз қарқынды көтергіш-көліктік өңдеуге және қауіпті температуралардың, тұздар мен жауын-шашынның, сондай-ақ ашық түрде сақтаудың әсеріне төзімді болуы тиіс.

5.2. Ыдыстың қаптамасы мен таңбалануы, сондай-ақ ішкі және сыртқы құжаттамасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген арнайы талаптарға сай болуы тиіс.

5.3. Тауарды саны мен сапасы бойынша қабылдап алуды Тапсырыс беруші мен Бірыңғай дистрибьютордың өкілдері жеткізу сәтінде жүргізеді, қабылдап алу нәтижелері тауарды қабылдау-тапсыру актісімен ресімделеді. Тауарды қабылдау-тапсыру актісі жасалған күні тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

5.4. Жеткізілген тауар саны мен сапасы бойынша ілеспе құжаттарға сәйкес келмеген жағдайда, бұл сәйкессіздіктер қабылдау-тапсыру актісінде көрсетіледі.

5.5. Тапсырыс беруші тауарды қабылдап алудан бас тартқан жағдайда тауарды қабылдаудан бас тарту туралы акт жасалады, бұл жағдайда жөнелтпе қағазда көрсетілген күн тауарды жеткізу күні болып есептеледі.

5.6. Тауардың жеткіліксіздігі немесе оның сапа бойынша сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, Бірыңғай дистрибьютор бір күнтізбелік ай ішінде тауардың жетпейтін көлемін қайта жеткізуге немесе сапасыз тауарды тиісті сападағы тауарға ауыстыруға міндеттенеді.

5.7. Егер Шартты орындау кезеңінде Бірыңғай дистрибьютор кез келген сәтте тауарларды уақтылы жеткізуге кедергі жасайтын жағдайларға тап болса, Бірыңғай дистрибьютор Тапсырыс берушіге кедергі фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Бірыңғай дистрибьютордан хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші 5 жұмыс күні ішінде ахуалды бағалауы және Бірыңғай дистрибьютордың міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуы тиіс; бұл жағдайда мұндай ұзартуды Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы ресімдеуі тиіс.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

6.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және тиісінше орындамағаны үшін Тараптарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

6.2. Еңсерілмейтін күштен болған жағдайлар (форс-мажорлық жағдайлар) туындағанда Тараптар жауапкершіліктен босатылады.

6.3. Осы Шарттың мақсаттары үшін форс-мажор Тараптардың бақылауына

бағынбайтын, Тараптың жаңылысына немесе ұқыпсыздығына байланысты емес оқиғаны білдіреді және ол болжауға болмайтын сипатта болады. Мұндай оқиғалар әскери іс-әрекеттер, табиғи немесе дүлей апаттар, індет, карантин және тауарларды жеткізуге эмбарго сияқты іс-қимылдарды қамтиды, бірақ бұлармен шектелмейді.

6.4. Форс-мажорлық жағдайлар туындаған кезде олар туындаған Тарап екінші Тарапқа мұндай жағдайлар және олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді және олардың басталғанын тиісті құжаттармен растайды. Бұл жағдайда Шарттың қолданылуы форс-мажорлық жағдайлардың аяқталғанына дейін тоқтатыла тұрады және Шарттың қолданылу мерзімі форс-мажорлық жағдайлардың әрекет ету мерзіміне сәйкес ұзартылады.

6.5. Егер форс-мажорлық жағдайлар бір күнтізбелік айдан асқан болса, бұл туралы жазбаша келісім жасасу арқылы Тараптар Шарттың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы. Бұл ретте Тараптар нақты жеткізілген тауар үшін өзара есеп айырысуды жүргізеді.

6.6. Тауарды жеткізу мүмкіндігін немесе осы Шарт бойынша өзге де міндеттемелерді болдырмайтын форс-мажорлық жағдайлар туындаған немесе өнім беруші бас тартқан жағдайда Бірыңғай дистрибьютор қосымша келісімді ресімдегеннен кейін ерекшелік талаптарына сай басқа өндірушінің осындай тауарын жеткізуді жүзеге асыруға құқылы.

6.7. Форс-мажорлық жағдайларды қоспағанда, егер Бірыңғай дистрибьютор тауарды жеткізу кестесін сақтамаса, Тапсырыс беруші Шарт шеңберіндегі өзінің басқа құқықтарына залал келтірмей, мерзімі өткен әрбір күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауарлар сомасының 0,01 %, бірақ уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 5 %-ынан аспайтын мөлшердегі соманы тұрақсыздық айыбы түрінде Шарт бағасынан шегеріп тастауға құқылы.

6.8. Жеткізілген тауарға уақтылы ақы төлемегені, осы Шарт бойынша өзге де міндеттемелерді бұзғаны үшін Тапсырыс беруші Бірыңғай дистрибьюторға мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен соманың 0,01 %, бірақ мерзімі өткен соманың 5 %-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

7-тарау. Өтпелі ережелер

7.1. Тараптардың басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз әлдекімге Шарттың немесе оның қандайда бір ережесінің мазмұнын, сондай-ақ Тараптар немесе осы Шартты орындау үшін Тараптар тартқан персоналды қоспағанда, олардың атынан басқа адамдар берген ақпаратты ашуға құқығы жоқ. Көрсетілген ақпарат осы персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажетті мөлшерде берілуі тиіс.

8-тарау. Қорытынды ережелер

8.1 Осы Шарт оны Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді. Шарт Тараптар өздерінің міндеттемелерін орындауды аяқтағанға дейін қ о л д а н ы л а д ы .

8.2. Шарттың қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- 1) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 2) Тараптардың біреуі банкрот деп танылғанда.

8.3. Тапсырыс беруші мен Бірыңғай дистрибьютор өз араларында Шарт бойынша немесе оған байланысты туындаған барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешу үшін барлық күш-жігерін салуға тиіс. Барлық келіссөздер жазбаша хаттамалармен ресімделеді.

8.4. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Бірыңғай дистрибьютор Шарт бойынша дауды шеше алмаса, кез келген Тарап осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

8.5. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады. Шартты сотта қарау қажет болған жағдайда Шарттың мемлекеттік тілдегі данасы қаралады. Шартқа қатысты Тараптар алмасатын барлық хат-хабар мен басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

8.6. Шарт бойынша қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

8.7. Бір Тарап екінші Тарапқа Шартқа сәйкес жіберетін кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасын бере отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде ж і б е р і л е д і .

8.8. Хабарлама бұл күндердің қайсысы кешірек басталатынына байланысты жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енуі көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) күшіне енеді.

Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші

Бірыңғай дистрибьютор

(толық атауы)

(толық атауы)

(мекен-жайы)

(мекен-жайы)

(телефон, факс)

(телефон, факс)

(Т.А.Ә.)

(Т.А.Ә.)

(қ о л ы)

(қ о л ы)

_____ ЖЫЛҒЫ _____ ЖЫЛҒЫ _____

МО

МО

Бірыңғай дистрибьютор мен
 Тапсырыс беруші арасындағы
 Дәрілік заттарды сатып
 алудың үлгі шартына
 1-қосымша

Сатып алынатын тауарлардың ерекшелігі

Р/с N	Халықаралық патенттелмеген атауы	Сауда атауы	Шығару нысаны	Өлшем бірлігі	Бағасы	Саны	Сомасы

ЖИЫНЫ:

Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші	Бірыңғай дистрибьютор
_____	_____
(толық атауы)	(толық атауы)
_____	_____
(мекен-жайы)	(мекен-жайы)
_____	_____
(телефон, факс)	(телефон, факс) _____
_____	(Т . А . Ә .)
(Т . А . Ә .)	_____
_____	(қолы)
(қолы)	_____
_____ жылғы	_____ жылғы " __ " _____
_____	МО
МО	_____

Бірыңғай дистрибьютор мен
 Тапсырыс беруші арасындағы
 Дәрілік заттарды сатып
 алудың үлгі шартына
 2-қосымша

Жеткізу кестесі

Р /с N	Сауда атауы	Өлшем бірлігі	Жал пы саны	Ай сайынғы қажеттілік *													
				қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқс		

*-жеткізу басталған күніне байланысты толтырылады. Жеткізу көзделмеген бағандарда "0" немесе "-" қойылады.

Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші	Бірыңғай дистрибьютор
----- (толық атауы)	----- (толық атауы)
----- (мекен-жайы)	----- (мекен-жайы)
----- (телефон, факс)	----- (телефон, факс) _____
----- (Т.А.Ә.)	----- (Т.А.Ә.)
----- (қолы)	----- (қолы)
____ жылғы " __ " _____	____ жылғы " __ " _____
МО	МО

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК